

## 6 сынып бойынша сұрақтар

1. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?
2. Мақал дегеніміз не?
3. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
4. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін атаңыз?
5. Қазақ салт-дәстүріндегі батаның маңызы?
6. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
7. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні?
8. Кейіптеу дегеніміз не?
9. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?
10. Бала тәрбиесіндегі жаңылтпаштардың мәні.
11. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір.
12. «Аяз би» ертегісінде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар?
13. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаңыз?
14. Шешендік сөздер дегеніміз не?
15. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не?
16. Градация дегеніміз не?
17. Мінездеме дегеніміз не?
18. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз?
19. Метонимия дегеніміз не?
20. Сюжет дегеніміз не?
21. «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?
22. Әдеби қаһарман дегеніміз не?
23. Жанр дегеніміз не?
24. Төле би Тайкелтірді қалай сынады?
25. Тарихи шындық дегеніміз не?
26. Эпитет дегеніміз не?
27. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар?
28. Символ дегеніміз не?
29. Инверсия дегеніміз не?
30. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады?
31. Әңгіме дегеніміз не?
32. Теңеу дегеніміз не?
33. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер
34. Мысал дегеніміз не?
35. Әсірелеу дегеніміз не?
36. Ахмет Байтұрсынұовтың мысал әңгімелері.
37. Қазақ ауыз әдебиетінің түрлері
38. Халық ауыз әдебиеті кімдер арқылы дамыған?
39. Ертеде адамның ақыл-ойын немен сынаған?

40. Зәмзәм суы кімнің өкшесінің астынан табылып еді?
41. Ахмет Байтұрсынұлының туған жерін ата
42. Қазақтың үш бәйтерегі кімдер?
43. Ә. Тәжібаевтің әдеби ертегісін ата?
44. «Өгіз бен бақа» өлеңін А. Байтұрсынұлы орыстың қай жазушысынан аударды?
45. Малдың баласын сүюі. «Қой сүйеді баласын.....» деп.
46. Мына сөйлем қай ертегіден?  
*Жел соқса, шал домалап кетеді екен.*
47. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, педагог, ақын, қоғам қайраткері кім?
48. Бақытының басы халқы екенін өлең етіп жазып кеткен ақиық ақын
49. Абай қай қалада өмір сүрген?
50. Ертегілер неше топқа бөлінеді?
51. Халық ауыз әдебиеті қалай тараған?
52. Аз сөзбен көп мағына беретін ауыз әдебиетінің қазынасы?
53. Тәңеудің жасалу жолдарын көрсет?
54. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесінің авторын ата.
55. Ш. Уәлиханов туралы естелік жазған ғалымдар.
56. «Абай жолы» романының жазған жазушы
57. «Жыршы» мен «жыраудың» мағынасын ашып бер.
58. М. Әуезов қай жылдар аралығында өмір сүрген?
59. Наурыз күні қандай өлең-жырлар айтылады?
60. А. Құнанбайұлы кім?
61. Жеті қазынаның біріне жататын қандай жануар бар?
62. Төрт жыл мезгілдеріне байланысты өлең жазған ақын
63. «Толағай» ертегі-дастанының авторы кім?
64. Ақан серінің тұлпарын ата
65. Халық даналығындағы «Жеті байлықтың» біріншісі
66. Ақ күріштің атасы кім?
67. Қазақтың тұңғыш ғарышкері.
68. Небары 27 жас қана өмір сүрген дарынды ақын.
69. Шығармадағы кейіпкерлердің кезектесіп сөйлесуін қалай атайды?
70. Абай туралы төрт томдық роман-эпопея жазған ұлы жазушы.

## 6 сынып бойынша жауаптар

1. Халық ауыз әдебиет дегеніміз не? (Ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады).
2. Мақал дегеніміз не? (Мақал – халық поэзиясының бір түрі, үлкен ойдың ықшамдалып, дәл айтылған нұсқасы. Мақал ойдың тура мағынасын да, кейде астарлы мағынасын да береді).
3. Абай Құнанбаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б).
4. Тұрмыс- салт жырларының түрлерін атаңыз? (Бесік жыры, тұсаукесер жыры, жар – жар, тойбастар, беташар, бата – тілек, жоқтау).
5. Қазақ салт – дәстүріндегі батаның маңызы? (Бата бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кеменгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда — қуат, қиналғанда—медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады).
6. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»).
7. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні? (Отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуда, елін-жерін шексіз сүйуіне отан туралы айтылған мақал-мәтелдің берері мол).
8. Кейіптеу дегеніміз не? (Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра, құлпырта суреттейді. Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейіптеу деп атайды. Мысалы: А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңі).
9. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер? (Баукеспе ұры, Желаяк, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Қырағы).
10. Бала тәрбиесіне жаңылтпаштардың мәні? (Балаларды жаңылтып, жаңылмас үшін қайта – қайта айтқызып, дағдыландырып, сөзді жаңылмай, шапшаң айтуға үйрету үшін).

11. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін населіміз» (М.Әуезов))
12. «Аяз би» ертегіде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар? (Жаман өзінің әділдігімен таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойыпты).
13. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаңыз? (Ертегілер ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады.оның үш түрі бар: шыншыл ертегілер, қиял – ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер).
14. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Шешендік сөздер- елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері).
15. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не? (Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды , көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты).
16. Градация дегеніміз не?( Градация ( лат біртіндеп көтеру) яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.Поэзияда, прозада қолданылады).
17. Мінездеме дегеніміз не? (Мінездеме – жазушы шығарма кейіпкерінің сыртқы портретімен қатар ішкі мінез- құлқын, көңіл – күйін, ой – сырын, ақылын, ниетін, наным – сенімін, дүниеге көзқарасын суреттейді).
18. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз? («Ақиық», «Қыр хикаялары», « Тауға біткен жалбыз», «Аққыз», «Кеніш», «Серпер»).
19. Метонимия дегеніміз не?( Метонимия – екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі. Мысалы, әйелді – ақ жаулық, әскерді – қол, бүркіт- ақиық, мұзбалақ, қылышты наркескен дейді).
20. Сюжет дегеніміз не? (Сюжет фран –зат, өзаражалғасқан оқиғалардың тізбегі, бүртұтас желісі).
21. «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?(Мысалы Ертөстіктің достары өмірде жоқ. Қиялдан алынған)
22. Әдеби қаһарман дегеніміз не? (Әдеби қаһарман- әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға).
23. Жанр дегеніміз не? (Жанр- әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінен үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр).
24. Төле би Тайкелтірді қалай сынады? (Ер тұрманға таласып келген екі кісінің дауын шешуге береді. Ол ерді Төле бидің атқосшы жігітке береді).
- 25.Тарихи шындық дегеніміз не?( Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи

- шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады).
26. Эпитет дегеніміз не? (Эпитет- Белгілі бір құбылысты көз алдына елестету үшін бейнелеп айтылатын сөздерді айтамыз .Мысалы, «Шоқпардай кекілі бар , қамыс құлақ» деген Абайдың өлеңін айтсақ болады).
27. «Жеркұла атты Кендебай» ертегідегі Кендебайдың бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар? (Кендебайдың ержүректігі, қайтпас қайсарлығы, елін жерін сүюі, мейірім мен қамқорлығы жылағанды жұбатып, қысылғанға жәрдем беріп жүретіндігі, өзінің әкесі мен бауырларын құтқаруы).
28. Символ дегеніміз не? (Символ-ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.Мысалы, түлкі бейнесі арқылы қулықты, қоян бейнесі арқылы қорқақ адамды астарлап айтуға болады).
29. Инверсия дегеніміз не? (Инверсия- сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі).
30. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады? («Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?», «Жиренше шешен мен қарашаш сұлу», «Жиреншенің хан сынағына түскені»).
31. Әңгіме дегеніміз не? (Әңгіме- оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады).
32. Теңеу дегеніміз не? (Теңеу- құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер).
33. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер?( «Қасиетті құран кәрім жайында», «Адамата», «Сымайыл», «Зәмзәм»).
34. Мысал дегеніміз не? (Мысал - деп адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, әділдік, қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап жазатын шығарманы айтады. Мұндай шығармада өсімдіктер мен жануарлар, аңдар мен құстар кейіпкер ретінде алынады).
35. Әсірелеу дегеніміз не? (Бір нәрсені немесе оқиғаны күшейтіп, үлкейтіп айту дегенді білдіреді).
36. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері? («Өгіз мен бақа», «Егіннің бастары»).
37. Қазақ ауыз әдебиетінің түрлері (Ауыз әдебиетінің түрлері өте көп. Оған ауыздан-ауызға тарап, халық арасында кеңінен тараған мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, тұрмыс-салт жырлары, тарихи жырлар, айтыс өлеңдер, шешендік сөздер т.б. жатады).
38. Халық ауыз әдебиеті кімдер арқылы дамыған? (Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері осы сонау ықылым заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап,

ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген).

39. Ертеде адамның ақыл-ойын немен сынаған? (Адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр жұмбақ деп аталады. Жұмбақтың тілдік өрнектерінде халықтың тарихи-қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған нақыш-өрнектер, ауыстырулар өте мол. Көбінесе көзбен көріп, қолмен ұсталған, тұтылған заттар тұспалдауға, жасыруға желі болады).

40. Зәмзәм суы кімнің өкшесінің астынан табылып еді? (Аңыздың желісі бойынша Ажар ана бөлек отау болып, Сафа тауына шығады. Ажар тоғыз ай өткенде, шекесі торсықтай ұл туды. Оның есімін *Смағұл* деп қойды. Бірақ айдалада су таба алмай, қатты қиналды. Таудың арасын шарлап, бір жұтым су іздеді. Нәресте қарны ашып, жерді тепкіледі. Өкшесі тиген жерден «бұрк» етіп су шықты. Ана мен бала су ішіп, мейірін қандырды. Бұлақ суы басқа жаққа ағып кетер деген қорқынышпен Ажар анамыз «Зәм», «зәм» деп айта берді. «Зәм» араб тілінде «Тоқта» деген сөз екен. Су сол жерде үйіріліп, мөп-мөлдір болып тұнды. Уақыт өте келе, бұл бұлақ суы сарқылмас «зәмзәм құдығына» айналды).

41. Ахмет Байтұрсынұлының туған жерін ата (Ахмет Байтұрсынұлы 5 қыркүйек 1872 жылы, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген).

42. Қазақтың үш бәйтерегі кімдер? (Қазақ әдебиетіндегі үш бәйтерек - Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин).

43. Ә. Тәжібаевтің әдеби ертегісін ата? (Ә. Тәжібаевтің әдеби ертегісі Толағай деп аталады).

44. «Өгіз бен бақа» өлеңін А. Байтұрсынұлы орыстың қай жазушысынан аударды? (А. Байтұрсынұлы мысалды И.А.Крыловтан аударды)

45. Малдың баласын сүйюі. «Қой сүйеді баласын.....» деп.

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,  
«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.

Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,  
«Қараңғыға баспаған қорқағым» деп.

Түйе сүйеді баласын «ботам!» деп,  
«Жаудыраған көзіңнен тоташым» деп.

Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,  
«Тастан – тасқа секірген шұнағым» деп.

Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,  
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.

46. Мына сөйлем қай ертегіден?

*Жел соқса, шал домалап кетеді екен.*

Үзінді «Қаңбақ шал» ертегісінен алынған.

47. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, педагог, ақын, қоғам қайраткері кім? (А. Байтұрсынұлы. «Тіл-құрал», «Тіл тағылымы» дейтін еңбектерімен қазақ тіл білімінің негізін қалап кетті).

48. Бақытының басы халқы екенін өлең етіп жазып кеткен ақиық ақын.

М. Мақатаев «Үш бақытым» өлеңінде *«Ең бірінші бақытым халқым менің»* - деп жырлап кеткен.

49. Абай қай қалада өмір сүрген?

Абайдың туған жері, өскен ортасы Семей өңірі.

50. Ертегілер неше топқа бөлінеді?

Ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді:

1) жануарлар туралы ертегілер;

2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер;

3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер;

4) тұрмыс-салт ертегілері. Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар.

51. Халық ауыз әдебиеті қалай тараған? (Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері осы сонау ықылым заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген).

52. Аз сөзбен көп мағына беретін ауыз әдебиетінің қазынасы? (Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі).

53. Теңеудің жасалу жолдарын көрсет? (Теңеу көбіне *-дай, -дей* дейтін жұрнақтар арқылы жасалады. Мәселен: құлын+дай, бұлбұл+дай, күннің сәлесін+дей).

54. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесінің авторын ата. (Әңгіме авторы – Сәкен Сейфуллин).

55. Ш. Уәлиханов туралы естелік жазған ғалымдар. (Г. Потанин, П.П. Тянь-Шанский, Ф.М. Достоевский т.б).

56. «Абай жолы» романының жазған жазушы (М. Әуезов).

57. «Жыршы» мен «жыраудың» мағынасын ашып бер. («Жырау — өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Өз жанынан суырып шығарып жырлайтын жыраулар XV ғасырда ғана туа салған жоқ. Жырау тұлғасының тарихы

тереңде. «Сәуегейлік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға қарай болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару – көне дәуір жырауларына тән қасиет. Иә, жыраулық мектептің түпнегізі абыздардан басталады. Жыраулар өз заманындағы нағыз халық жанашырлары бола алды. Олар жыр шығарып, толғау айтып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды. Ал «Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Жыршылар домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен мақаммен, әнмен айтады. Сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды).

58. М. Әуезов қай жылдар аралығында өмір сүрген? (Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте туған. 1961 жылы, 27 маусымда, 63 жасында қайтыс болған).

59. Наурыз күні қандай өлең-жырлар айтылады? («Наурыз жыры» - халық өмірінде балалар, әсіресе, маусымдық мерекелерге ерте араласатын болған. Жұрт балаларын ертіп жүріп, бұл мерекелердің мәнін ұқтырып қана қоймаған, оларға өзінше тапсырмалар да жүктеген, олардың да өзінше атқаратын қызметі, рөлі болған. наурызда күн мен түн теңелген күні «Ұлыстың ұлы күні» деп атап өтеді. Бұл күнді халықтың еңбек мерекесі ретінде ойын-күлкі, жақсы тілекпен қарсы алып, сол қуаныштарын жыр жолдарымен білдіретіндігі зерттеу еңбектерінде айтылып жүр. Балалардың бұл мерекеге белсене ат салысатынын:

Ұлыс күні кәрі-жас,

Құшақтасып көріскен.

Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өріскен, –

деген өлең мәтінінен аңғарсақ, сондай-ақ:

Амансың ба?

ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барса, жол болсын,

Төрт түлік ақты болсын,

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін, –

деген балалар жаттауына лайық тақпақтар мәтінінен де байқаймыз).

60. А. Құнанбайұлы кім? (ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер).



61. Жеті қазынаның біріне жататын қандай жануарлар бар?

(Жеті қазынаға мыналар жатады: жүйрік ат; қыран бүркіт; құмай тазы;

берен мылтық; қанды ауыз қақпан; майланғыш ау; өткір кездік.

62. Төрт жыл мезгілдеріне байланысты өлең жазған ақын (А. Құнанбайұлы).

63. «Толағай» ертегі-дастанының авторы кім? (Ә. Тәжібаев).

64. Ақан серінің тұлпарын ата (Құлагер).

65. Халық даналығындағы «Жеті байлықтың» біріншісі (Денсаулық).

66. Ақ күріштің атасы кім? (Ыбырай Жақаев).

67. Қазақтың тұңғыш ғарышкері (Тоқтар Әубәкіров).

68. Небары 27 жас қана өмір сүрген дарынды ақын (Сұлтанмахмұт Торайғыров).

69. Шығармадағы кейіпкерлердің кезектесіп сөйлесуін қалай атайды?

Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл. Монологтың ерекшелігі бір адамның ойы, сөзі көрініс табады. Сахналық Монологта кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы не көрерменнен жауап күтпейді.

70. Абай туралы төрт томдық роман-эпопея жазған ұлы жазушы (Мұхтар Әуезов).